



ХҒТАР 16.21.25
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-276-286>

Хотон мәтіндерінен табылған сөз тіркестері

Ж.А. Жақыпов^{ID}, Қ.Қ. Сарекенова*^{1ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, sarekenova_kk@enu.kz)

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – жойылған тілдің айғақтарын жарыққа шығару. Соған орай хотон тіліндегі сөз тіркестерінің лингвистикалық сипаттарын ашуды міндет қылып қояды. Мақалада хотон мәтіндерінен табылған сөз тіркестері қарастырылады. Бұл сөз тіркестері хотондар өздері дұғалардың жинағы деп қарайтын, әр түрлі рәсімдерде мұсылмандық сарынмен айтылатын мәтіндерді «Худая» деген атпен шығарған кітаптарынан, оның ішінде құрбан шалу кезінде айтылатын «Гаарва-горво», үйлену рәсімі кезінде жас отбасына берілетін бата сөздер сияқты мәтіндердің ішінен хотон тіліне ғана тән сөз тіркестері жинақталып алынды. Осы сөз тіркестерін еркін сөз тіркесі және тұрақты тіркестер деп бөліп, еркін сөз тіркестері есімді сөз тіркестері және етістікті сөз тіркестері ретінде жіктеліп, әр сөз табына қарай сараланып, қабыса байланысқан, меңгеріле байланысқан және матаса байланысқан сөз тіркестерінің түрлері іздестірілді. Ал тұрақты сөз тіркестерін қазақ тіліндегі тұрақты тіркестермен салыстыру арқылы, екі тілге ортақ фразеологизмдер ретінде көрсетілді, мағыналық сипаттары берілді. Түркі тілдерінің фразеологизмдерімен салыстыруға талпыныс жасалды. Хотон тіліндегі сөз тіркестері өзге түркі тілдеріндегідей жалғамалы тілдердің заңдылықтарына сәйкес тіркесетіндігі көрсетілді.

Түйін сөздер: Хотон тілі, синтаксис, сөз тіркесі, еркін тіркес, тұрақты тіркес, есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі.

Кіріспе

Нысан етіп отырған хотон тілі өлі тілге айналғаны анықталды. Тілдің жойылу жайттарын зерттеушілер ХХ ғасырда жойылмақ тілдің деректерін жинаумен ғана айналысқан сияқты. Далалық зерттеумен айналысатын тілтанушылар өздері зерттеп жүрген тілдің тез жоғалып бара жатқанын түсініп мұндай тілдерді толығырақ сипаттау

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

қажет деп санай бастағандай. Әрине, олар аға буын өкілдерін өз тілінің білгірлері деп санап солардың берген ақпаратымен шектеліп отырды. Кез келген халықтың тілін ауыстыруға күшті ықпал ететін интерференция болады. Өз тілін өзге тілдің сөйлеуіне ыңғайлай бастау басқа тілге ауысудың алғашқы баспалдағы десе де болады. Мұндай интерференция байқамай сол тілдің таза толыққанды материалын ғана сипаттау, В.Дресслердің пікірінше, тілдің өлуі туралы деректі байқамай өткізіп алуға әкеп соғады [1]. Тілдің өлуі тақырыбына Вольфганг Дресслер, Нанси Дориан [2], [3], Джейн Хилл [4], [5] және басқалардың еңбектерінен кейін тұрақты түрде назар аударыла бастады.

Батыс пен Ресей ғалымдары, негізінен, жойылу қаупы бар тілдерді зерттеген, яғни біреу болса да сөйлейтін адамы бар тілдерді жазып алып қалған. Ал жойылған тілдерде мәселе басқаша: сөйлейтін адам болмайды, сондықтан туған тілден қалған жансыз айғақтарды іздеп табуға тура келеді. Жойылған тілді зерттеу үшін керегі – мәтін. Хотон тілінен жансыз айғақтарды іздеп табуға болатын мәтін табылды. Туған халқының рухани мәдени мұрасын қағаз бетіне түсіріп, сақтау, келешек ұрпаққа жеткізу үшін бурд (хотондардың 7 элкінінің бірі) элкінінің өкілі, математик, мәдениеттану ғылымының PhD докторы, молда, жұлдызнамашы Б. Санхүүдің бірнеше кітап бастырып шығарды. Оның құрастырған «Худая» (2004), «Хотон ардын аман зохиол» (2014) кітаптарында [6] хотондар жайлы біршама толық мәліметтер қамтылған. Бұл еңбектердің маңыздылығы хотондардың діни және тұрмыстық рәсімдері кезінде қолданылатын мәтіндері (мағынасы толық ашылмаса да) қағаз бетіне түсіріліп, көпшілікке ұсынылуымен анықталады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Кіріспеде көрсетілген мәтіндерді салыстырмалы-тарихи әдісті пайдаланып хотон тіліндегі сөз тіркестері анықталды [7]. Контактология әдістері [8] сөз тіркестерін теріп алуда ескерілді, атап айтқанда, түркі-монғол параллельдері де талдауға алынды. Түркі тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымдық моделі негізге алынды. Сөз тіркесі сыңарларының арасындағы мағыналық қатынасты айқындауда қазақ академиялық грамматикасының ұстанымдарын негізге алдық [9].

Хотон тілі тегі жағынан түркі тілдеріне жататыны белгілі болды. Бұл жөніндегі материалдарды мына мақалалардан көруге болады [10], [11]. Далалық экспедиция барысында хотон тілінде сөйлейтін адам іздеп таба алмадық. Демек, синтаксистік құбылыстар да табылмады. Алайда бұл жөнінен бізге жол ашқан – хотондардың діни фольклоры болды. Құрбан шалу кезінде айтылатын «Гаарва-горво», үйлену рәсімі кезінде жас отбасына берілетін бата сөздер сияқты мәтіндердің сөздік құрамында Құраннан алынған сөздер, монғол тіліндегі сөздер, хотон сөздері бар. Бұл мәтіндерде таза хотон тілімен айтылатын сөйлемдер аз. Монғол тілінің сөздері мен сөз формалары араласып отырады. Алайда, хотон тілі синтаксистік түзілімін түгендеп көрсетпесе де, жалпы сұлбалық сипатын байқатады. Бұл мәтіндерден, әсіресе, синтаксистік тіркесімдердің көріністерін айқын табуға болады.

Біз мақсатты түрде монғол тілі араласқан синтаксистік бірліктерді талдауға тартпаймыз, өйткені мұндай будан түзілімдерде түркі тілдері синтаксисінің тәсілдері қолданыла бермейді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Сөз тіркесі. Хотың тілінде сөздерді тіркестіру, басқа да түркі тілдеріндегідей, жалғамалы тілдердің заңдылықтарымен орайласады. Табылған тілдік материалдардан есімді сөз тіркестерін де, етістікті сөз тіркестерін де табуға болады.

Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің компоненттерінің арасында анықтауыштық қатынас орнаған. Оның модельдері төмендегідей.

Зат есім + зат есім: сөз дем (сөз көмек), баш бармақ, эрээ түеэг (еркек түйе), төөсөл атай (туыс атай). Түркі тілдерінде бірқатар зат есімдер зат есімге тікелей анықтауыш бола алмайды. Анықтауыштық құрамда жұмсалыу үшін екі компоненттің алдында анықтауыштар болуды қажет етеді. Хотон тіліндегі қабыса байланысқан зат есімді тіркестерде осындай сипат бар. Мысалы: Бэр газаан чаям (бір қазан шайым), бэр тангаан талхаам (бір таңған (қап) талқан).

Сын есім+зат есім. Бағыныңқы сыңарда сын есімнің шырайлық түрлері кездескен жоқ. Сапалық сын есімдер хотон тілі синтаксисінде зат есімге анықтауыш болып тіркесу қабілеті еркін екені байқалды. Мысалдар: яғаш мұсырман (жақсы мұсылман), яхсан эмээн (жақсы иман), улуу хүчин (ұлы күшін) /№3/, хонгор өлөн (қоңыр өлең /шөп). Соңғы сөз тіркесінің ерекшелігі сонда, түсті білдіретін сын есімдер, әдетте, сондай түсі бар заттың атауымен еркін тіркеседі. Шөптің (өлеңнің) түсі қоңыр болатыны әдепкі құбылыс емес, сондықтан қоңыр түстің шөпке анықтауыш болуын хотон тілінің ерекшелігі деуге болады. Хотон тілінің синтагмасынан тағы бір ұлттық ерекшелікті байқауға болады: әдетте мұсылман елдердің тілінде иман сөзі бағалаушы анықтауышпен сипатталмайды, сондықтан яхсан эмээн (жақсы иман), ямиан эмээн (жаман иман) тіркестерін хотон мұсылмандық ділінің өзгешелігіне жатқызуға болады. Қатыстық сын есімдер де зат есімнің анықтауышы бола алады: Хан хожулай диихаа (Хан қожадай дихан). Осы модельдегі күрделі сөз тіркесінің жасалуындағы ерекшелік сол, зат есім әуелі сын есіммен қиыса байланысады да, «қандай» деген сұраққа жауап беріп үйірлі анықтауыштық қатынаста тұрады: көзіюк чичкан (көзі жоқ тышқан), үч терст дош (іші теріс дос).

Сан есім + зат есім модельді сөз тіркестерінің ішінде есептік сан есім мен зат есімнің қабыса байланысқан түзілімдері ғана табылды: бір қазан, бір таңған (қап), он үш Алтай, жиырма үш Хангай, отыз үш аспан иесі, Ерэн есөн Атаа (тоқсан тоғыз ата), он үш пері, он көкөүл (он көкіл). Соңғы тіркес ерекше екенін көрсете кеткен жөн: сан есімдер санауға келетін нақты зат есімдермен ғана тіркесетіні белгілі, ал абстракт зат есімдермен тіркесім қабылеті өте әлсіз, мұндай тіркес тек стильдік мақсатта ғана қолданылады. Тіркес фольклорлық мәтіннен алынғандығын ескерсек, он сан есімі мен абстракт зат есім көкіл тіркесін стильдік потенциалды тіркес деуге тура келеді.

Хотондар 1-ден 100-ге дейін өз тілдерінде санауды білетіні экспедицияда анықталды, сондықтан есептік сан есім мен зат есімнің тіркесіне мысалдарды көптеп түзіп келтіруге болады (бір түйе, қырық ешкі, т.т.). Алайда информанттар сөйлеуінде кездеспегендіктен ондай тіркестерді талдауға тартпаймыз.

Есімдік +зат есім моделіндегі сөз тіркесінің біреуі ғана табылды: бүйкенгээ. Контекст арқылы анықтағанда бұл сөз формасы емес сілтеу есімдігі мен барыс септігіндегі зат есімнен түзілген «бұл күнге» деген сөз тіркесі болып шықты.

Есімше + зат есім. Бұл модельдегі сөз тіркестері басқалардан гөрі көбірек болып шықты: сакетаагандаа Худая (сақтаған да Құдай), хулам дэгээн Хан-қожа-худая (құлымын

деген Хан-қожа-Құдай), шариаа дутам дэгээн Хан-қожа-худая (шариға тұтам деген Хан-қожа-құдай), шевер хялитарган Худая (шебер қыла тұрған Құдай), ерен ерлойгаер Алтай, Хангай (жерін жерлеген Алтай, Хангай), суйн суйнагаар Алтай Хангай (суын сулаған Алтай Хангай), ер суйн бүрегээр Алтай Хангай (жер-суын бүрлеген Алтай Хангай), эх тогос ясиан мерен (екі тоғыз жасаған берен), үчү бүүргэн дош (іші бүрген дос). Түркі тілдерінде есімшелердің ішінен зат есімдермен берік байланысып анықтауыш қызметін атқаратыны – -ған, -ген тұрпатты есімшелер. Хотон тілінде -ар, -ер, -р тұрпатты есімшелердің қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында болуы да аз кездеспейді. Қолданылуындағы семантикалық ерекшелік бар: -ар, -ер, -р тұрпатты есімшелердің қазақ тіліндегі грамматикалық семантикасы, негізінен, келер шақ мағынасымен байланысты болады, ал хотон тілінде мұның -ған, -ген тұрпатты есімшемен мәндес болып келетіні байқалады. Мысалы, ерен ерлойгаер Алтай, суйн суйнагар Алтай деген тіркестерде ерлойгаер, суйнагар есімшелерінің жерлеген, сулаған деген есімшелермен бірдей қызмет атқарып тұрғаны контекстен байқалып тұр. Хотон тілінің синтаксисінде есімшелер құранды етістіктің құрамында көмекші тұрғысында келіп қабыса байланысқан күрделі сөз тіркесін түзетіні байқалды: хулам дэгээн Хан-қожа-худая (құлымын деген Хан-қожа-Құдай), шариаа дутам дэгээн Хан-қожа-худая (шариға тұтам деген Хан-қожа-құдай), шевер хялитарган Худая (шебер қыла тұрған Құдай).

Үстеу мен есім қабыса байланысқан сөз тіркестері табылмады. Бұл заңды да. Себебі үстеу семантикасы жағынан қимыл-әрекетті пысықтауға арналған сөз табы екені белгілі.

Хотон тілінде матасу синтаксистік байланысы түркі изафеті үлгісімен түзіледі. Изафеттің толық түрі (ілік септігі мен тәуелдік жалғаудың ашық жалғанып тұруы): Махамодон үмеден (Мұхаммедтің үмбеті)

Изафеттің екінші көрінісі (ілік септігі түсіп қалып, тәуелдік жалғаудың ашық жалғанып тұруы): эмээн бэтэн (иман бетін), тоо бүрэн (тау бүрін), Төөн перлеэ (түн пірлері). Матасудың бірінші түріне бір ғана айғақ мысал, екінші түріне бірнешеу табылғанына қарағанда, екінші түрінің қолданысы жиі екенін болжауға болады. Ілік септігінің жалғанып тұрған мен жалғанбай түсіріліп қолданылған матаса байланысқан сөз тіркестері сыңарларының арасындағы функционалдық-мағыналық қатынас екі түрлі болады. Жалғанып тұрса, меншіктік мағына нақты, айқын болады, ал түсіп қалса, сыңарларда меншіктік қатынас солғындайды да, заттың заттық сапасын білдіру өзектенеді (актуалданады).

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. Түркі тілдерінің қай-қайсында болсын есім сөз таптары меңгеруге икемсіздеу болып келеді. Меңгеру – етістікке тән синтаксистік байланыс. Алайда баяндауыш қызметіндегі есім сөздерге меңгеріле байланысатын тіркестер хотон тілінде де кездесіп қалатыны байқалды. Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркесінен мыналар ғана табылды: герден герденгес (керіден кері деңіз) /№3/, хула батаа (құлға бата) /№3/ Сүздэм билдэргээ дармаан ёго /ГГ-1/ (Сөз дем білдірерге дәрмен жоқ). Мұндағы бірінші сөз тіркесінде кері сын есімі сын есімді (кері) шығыс септігінде меңгеріп, шығыс септігінің грамматикалық мағына салғастыру мәнінде тұр; екінші сөз тіркесінде заттанып тұрған есімшені (билдэргээ) меңгеріп тұрған дәрмен зат есімі емес, оған көмекші қызметін атқарып тұрған, заттың күйін білдіретін есім ёго (жоқ) екенін байқауға болады.

Етістікті сөз тіркестері. Түркі тілдерінде қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларының қандай сөз табынан болатынымен байланысты үстеулі

сөз тіркестері, еліктеуішті сөз тіркестері, көсемшелі сөз тіркестері, сын есімді сөз тіркестері, сан есімді сөз тіркестері болып беске жіктелетіні белгілі. Осылардың ішінен хотон мәтіндерінен үш түрлі модель ғана табылды: үстеу+етістік: бәр гараатар (бері қаратар), хуваандангас (құп аңдаңыз); сын есім+етістік: банцесен (бас есен), багур бүтүй сакетаагандаа (бауыр бүтін сақтаған да), сийней мисеене олиу (сендей менсіне алу); сан есім+етістік: төрдинээнгас (төртеніңіз), сэгсинээнгас (сегіз еніңіз). Үстеулердің етістікпен еркін тіркесуі – заңды құбылыс, өйткені үстеулердің негізгі қызметі қимыл-әрекеттің сипатын анықтау. Осыған орай бірінші модельдің (бері қаратар) бағыныңқы сыңары мекен үстеуден болғандықтан қарату әрекетінің бағытын білдіріп пысықтауыштық қызмет атқарып тұр. Хуваандангас бірлігі мәтінде осылай тұтас жазылған, контекстегі мағынасын тексергенде мұның екі сыңардан тұратыны анықталды: хув + аандангас. Хотон тілінен жиналған тілдік материалдарда –ангас формасының етістіктің жіктік жалғауының екінші жағының сыпайы түрі екені анықталған, соған орай бұл – құп аңдаңыз деген сөз тіркесі болып шықты. Бұл сөз тіркесінің бірінші сыңары қазақ тілінде диалогте мақұлдау мағынасын білдіретін одағай сөз ретінде қолданылады, ал хотон тілінде мұның үстеу қызметінде де жұмсалатыны байқалды. Сонда бұл сөз тіркесі негізгі үстеу мен етістіктен түзілген, пысықтауыш қатынасқа негізделген тіркес екені көрінеді. Қазақша «мақұлдап түсіну, оң пейілмен түсіну» деген сияқты мағынаны білдіреді.

Хотон тілінде, басқа да түркі тілдеріндегідей, сын есімнің етістікпен қабыса байланысу қабылеті босаң екендігі байқалады. Осыдан болар, тек үш сөз тіркесін ғана белгілеп отырмыз: сапалық сын есімді сөз тіркесі банцесен (бас есен) сакетааган, багур бүтүй сакетааган; қатыстық сын есімді сөз тіркесі сийней мисеене олиу (сендей менсіне алу). Банцесен деген бірлік біртұтас болып монғол тілінің емлесімен сөз ағынынан қате жазылған (монғол тілінде мұндай сөз жоқ), контекстен мұның бас есен деген предикативтік ыңғайдағы үйірлі мүше екені айқындалды, бұған мұнымен ыңғайлас болып тұрған багур бүтүй (бауыр бүтін) тіркесі де уәждеме бола алады: бас есен, бауыр бүтін деген тұрақты сөз тіркесі бар екені тіпті дәлелдей түседі. Сонда бұлар есен сақтау, бүтін сақтау деген сын есімді сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары предикативтену тәсілімен күрделеніп үйірлі пысықтауышқа айналуы арқылы күрделі сөз тіркесі болып тұрғанын көрсетеді. Сийней мисеене олиу (сендей менсіне алу) тіркесінің бағыныңқы сыңары сен жіктік есімдігіне сын есім жасайтын -ей жұрнағының жалғануы арқылы жасалып мисеене олиу күрделі етістігіне пысықтауыш болып тұр. Бұл сөз тіркесінің басыңқы сыңарындағы етістіктің мағынасында хотон тіліне тән ерекшелік бар. Мұнда менсіну сөзі қазақ тіліндегі менсіну емес, «өзімсіну, мен деп санау» сияқты мағыналарды жинақтап беретіні байқалады.

Хотон тілінде сан есім етістікпен тіркескенде қимыл-әрекеттің дүркінділігін, қайталап орындалатындығын білдіретіндігі көрінеді. төрд инээнгас деген тіркестің – төрт рет еніңіз, сэгс инээнгас деген тіркестің сегіз рет еніңіз сияқты сөз тіркестерімен мағыналық мазмұны бірдей екені айқын көрініп тұр.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері хотон тілі синтаксисінен мынадай түрлерде табылды:

– барыс септігі+етістік: Бүйкенгээ сакетааган (бұл күнге сақтаған), Ган хула тэвэрий батаа вулаг (Хан құлға тәңірі бата болмақ). Түркі тілдерінде мұндай тіркес сыңарларының арасында объектілік (бір заттың я құбылыстың кімге арналғандығын, қимыл-әрекеттің қандай заттармен үстемеленгендігін, қимыл-әрекеттің беттеген бағытын білдіру),

пысықтауыштық (мекен, қимыл бағыт-барысы, мақсат, мезгіл) мағына болатыны белгілі. Хотон тіліндегі мәтіндерден бұл модельдегі екі сөз тіркесі ғана табылып отыр: біріншісі – күрделі сөз тіркесі, бағыныңқы сыңары – бір ұғымға ұйысқан бүй+кенгээ (бұл+күнге) тіркесі, басыңқысы – сакетааган (сақтаған) сабақты етістігі, арасында пысықтауыштық мезгілді білдіретін мағына бар (қашанға дейін сақтаған?); екіншісі – басыңқы сыңарының құранды етістік болуымен байланысты күрделі сөз тіркесі, бағыныңқы сыңары хула (құлға) -а барыс септігін жалғанып объектілік мағынада тұрса, басыңқысы батаа вулаг (бата болмақ) салт етістікке жатады, тіркестік мағына іс-әрекеттің кімге арналғандығын білдіреді;

– табыс септігі+етістік: хүчээн ингэс (күшін енгіз), гучин гурван эхтэй (күшін құрбан еткей), ерен ерлойгаер (жерін жерлеген), суйн суйнагаар (суын сулаған), ер суйн бүрлегээр (жер-суын бүрлеген), бэтэн нар араадангас (бетін ары қаратыңыз), шаарлаа дутам (шариғат тұтам), Тоо бүрэн мендегер (тау бүрін меңдеген), менее мисеене олиу (мені менсіне алу). Бұл модельдегі сөз тіркесінде басыңқы сыңардағы етістіктің сабақты я салт болуының маңызы зор. Өйткені табыс септігін, негізінде, сабақты етістік меңгереді. Хотон тілі синтаксисінде де осы заңдылық сақталады. Хотон мәтіндерінен табылған мұндай сөз тіркестерінің ішінде бір ғана хүчээн ингэс (күшін енгіз) сөз тіркесінің басыңқысы салт етістіктен жасалған, сөйтсе де ол өзгелік етістің -гэс (-гіз) жұрнағы арқылы сабақты етістікке айналған. Бұл сөз тіркесі сыңарларының арасында тек қана объектілік қатынас орнаған. Есімдердің сабақты етістікпен тіркесу қабылеті әр түрлі болады. Осыған орай хотон тіліндегі меңгеріле байланысқан табыс септікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының грамматикалық мағынасына қарай нақты объектілі, абстракт объектілі [12, 47] деп бөлуге болады. Хотон тілінде нақты объектілі тіркестердің басым екені байқалды: ерен ерлойгаер (жерін жерлеген), суйн суйнагаар (суын сулаған), ер суйн бүрлегээр (жер-суын бүрлеген), бэтэн нар араадангас (бетін ары қаратыңыз), тоо бүрэн мендегер (тау бүрін меңдеген), менее мисеене олиу (мені менсіне алу); абстракт объектілі тіркестер азырақ сияқты: хүчээн ингэс (күшін енгіз), шаарлаа дутам (шариғат тұтам). Хотон мәтіндерінен бағыныңқы сыңардың сын есім, сан есім, есімшелердің табыс септігі арқылы заттанып барып етістікке меңгерілетін жайт кездеспеді;

– жатыс септігі+етістік: таван халгаандаа хүчээн ингэс (таба қылғанда күш енгіз), хас халгаандаа хүчээн ингэс (қас қылғанда күш енгіз), бэс халгаандаа хүчээн ингэс (пәс қылғанда күш енгіз). Түркі тілдерінде бұл модельдегі сөз тіркесі сыңарларының арасында толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастар болады. Хотон мәтіндерінен табылған сөз тіркестерінен пысықтауыштық қатынаста тұрған үш құрылым ғана кездесті. Олардың бағыныңқы сыңары –да жатыс септігі жалғанған есімшенің –ған формасынан түзілген, сөйтіп басыңқы сыңардағы іс-әрекеттің мезгілдік мағынасын білдіріп тұрғаны белгілі болды;

– шығыс септігі+етістік: кар тэлтэн тартангас (қара тілден тартыңыз), аг тэлтэн тартангаас (ақ тілден тартыңыз). Түркі тілдерінің сөзтіркестік құрылымында мұндай тіркестің басыңқы сыңары етістіктің мағыналық сипаты актуализаторлық қызмет атқарады, сондықтан көбіне қимылдық, қабылдау, алыстату мәніндегі етістіктер қолданылады. Хотон мәтіндерінен табылған екі сөз тіркесінде де қимыл мағынасы бар тартангас (тартыңыз) етістігі қолданылған. Шығыс септігіндегі сөз формасы етістікпен тіркесіп толықтауыштық, пысықтауыштық қызмет атқарады, хотон тілінен табылған сөз тіркестері сыңарларының арасында толықтауыштық қатынас қана бар: бір нысаннан айыру, алшақтату мағынасын білдіріп тұр.

– көмектес септігі+етістік: шевердегемен шевер хялитарган (шеберлігімен шебер қылған), нимээн дэнгэс (немен деңіз), Гурван эхтэй тээл минь, Ерэн есөн Атаа тэнгэр минь Амаль – хумаль минь (құрбан еткей тілмен, тәңірмен, амал-хұмалмен) Мұндай құрылымды екі сөз тіркесі ғана табылды. Көмектес септіктің екі грамматикалық мағына беретіні белгілі. Олар – құралдық және бірлестік мағыналары. Осыған орай хотон тілінен кездескен екі тіркестен екі түрлі мағынаны байқауға болады: шевердегемен шевер хялитарган (шеберлігімен шебер қылған) тіркесінде шебер қылудың тәсілі (құралы) шеберлік екенін, нимээн дэнгэс (немен деңіз) тіркесінде сөйлеу әрекетінің әлдебір затпен бірге болып тұрғанын түсінеміз. Бірінші сөз тіркесінің сыңарларында іс-әрекеттің орындалу амалы білдіріліп амал пысықтауышқа тән қатынас тұрса, екінші сөз тіркесі сыңарларының арасында нысандық (объектілік) мағына болғандықтан толықтауыштық қатынас орнаған.

Хотон мәтіндерінен септеулік шылау тәсілімен түзілген күрделі сөз тіркестері кездеспеді.

Тұрақты сөз тіркестері (фразеологиялық тіркестер). Хотон мәтіндерінен табылған сөз тіркестерінің біразын фразеологиялық тіркестерге жатқызуға болады.

Хотон тіліндегі «Ант иш (Ант ішу)» тұрақты тіркесі қазақ тілінде де дәл осылай айтылатын «Ант ішу» тұрақты тіркесне дәлме-дәл сәйкес келеді деп ойлаймыз.

Қазақ тілінде: АНТ БЕРДІ [ІШТІ, ЕТТІ] • АНТ ҚОСТЫ АНТ СУЫН ІШІСТІ АНТ СУ [ҚАСАМ] ІШТІ. Уәдесін берді, серт етті, қарғанды, анттасты. Ескі досын көргенде, Есебі жоқ ант ішіп, Аруақ құдай айтысып: «Сыр алғалы айттым» деп, «Жауыңды алдап қайттым» деп, Құдайдан қорықпай ант ұрған, Иманның жүзін тоздырар (Абай). Былтыр ермін деп жүрген Досқазы өстіп ант су ішіп, қолдасып, уәде бергенде неғып еді? (Ғ.С.) [13, 41-42].

Хотон тіліндегі «балаларнң йасы узң йаны толо (балаларыңның жасы ұзын, жаны толы)» тұрақты қолданысы қазақ тіліндегі кез келген жастағы адамға айтылатын «жасың ұзақ, өмірің мәнді болсын» бата-тілек сөзіне балама бола алады деп ойлаймыз. Осы тұрақты қолданыс құрамындағы «жаны толы» тіркесі қазақ тіліндегі «қыздың қырық жаны бар» деген мәтелге немесе фольклорлық таным бойынша «батырдың бірнеше жаны болады» деген мазмұнға сәйкес келетін секілді.

Ал хотон тіліндегі «бар ягымъ (бар жағым)» тұрақты тіркесінің мағынасына қазақ тіліндегі «барым осы (болмысым осындай)» деген тіркес сәйкес келетін секілді. Яғни қазақ тілінің тіркес құрамындағы «жағым» сөзі бір кезеңде үнемдеуге түсіп, одан кейін мүлдем қолданыстан шығып қалған. «Бар ягымъ» деген тіркес – поэтикалық немесе рухани мәні бар сөз. Ол «менің бар болмысым», «жан дүнием», «бар жақтарым», «толық мен» деген мағынада қолданылуы мүмкін.

Хотон тіліндегі «Банц есен багур бүтүй (басы есен, бауыры бүтін)» тұрақты тіркесі қазақ, қырғыз тілдерінде де дәл осылай қолданылады.

Қазақ тілінде: БАСЫ АМАН, БАУЫРЫ БҮТІН Уайымсыз, қайғысыз, төрт жағы сай. Басы аман, бауыры бүтін кісіше бейжай жүрсең дағы, бәрібір жаралы жыртық жаныңнан жел ызғып, өлген ініңнің орны үңірейеді де тұрады (Ә. Н.) [13, 99].

Қырғыз тілінде: БАШЫ БҮТҮН. БООРУ ЭСЕН. Убайымсыз, кайгысыз, эч кемтиги жок, телегейи тегиз. Тирүүчүлүктө башы бүтүн боору эсен киши аз, кулундарым, чынарым куласа, чырпыгым бар, – деп Музооке баба «Мундуу – күүсүн» зыңылдата күңгүрөндү (Бейшеналиев). В.: Боору бүтүн, башы эсен. Бул күндөрдө боору бүтүн башы эсен ток пейил адамдардын башына да ой түшкөн (Каимов). Боору бүтүн. Э, кызым, азыр кайда барсаң Мамайдын көрү. Боору бүтүн киши калбайт окшойт (Абдукаимов) [14, 104-105]

Яғни үш тілде де бұл тұрақты тіркестің беретін мағынасы да бір деген тұжырымға келдік.

Хотон тіліндегі «Сүз дэм билдэргээ дарман ёго (сөз, дем білдір(ер)ге дәрмен жоқ)» тіркесінің қазақ тіліндегі «дәрмені жоқ (әлсіздену, күші кету)» тіркесімен сәйкес келеді.

ДӘРМЕНІ ЖОҚ. Шама, күш-қуат қалмады. Оның қозғаларға дәрмені жоқ, тек саусақтарының басы ғана қыбырлайды (Ә.Ә.) [13, 146].

Сонымен, тұрақты тіркестер бойынша айтарымыз, хотон тілі мен қазақ тіліне ортақ фразеологизмдер бар екен.

Қорытынды

Хотон мәтіндерінде сөз тіркестерінің түркі тілдеріне ортақ модельдерінің мынадай түрлері табылды: анықтауыштық қатынасқа құрылған модельдер: зат есім+зат есім, сын есім+зат есім, сан есім+зат есім, есімдік+зат есім, есімше+зат есім; толықтауыштық қатынасқа құрылған модельдер: барыс септігі+етістік, табыс-септігі+етістік, жатыс септігі+етістік, шығыс септігі+етістік, көмектес септігі+етістік/есім; пысықтауыштық қатынасқа құрылған модельдер: жанама септіктер + етістік. Мынадай модельдер табылмады: меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері, үстеулі тіркестер, сын есім+етістік, сан есім+етістік. Матаса байланысқан сөз тіркестерін табу қиын.

Осы табылған модельдердің өзі хотон сөйлеуінің түркі синтаксисіне тән болғандығын айқын байқатады.

Хотон тілінде қолданылған кейбір тұрақты тіркестер қазақ тіліндегі тұрақты тіркестермен дәлме-дәл сәйкес келеді екен. Осының негізінде, хотон тілінде де өзге моңғол тектес халықтардың тіліндегідей моңғол және түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер болуы мүмкін деп тұжырымдаймыз.

Қаржыландыру. Мақала AP19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пән-аралық тұрғыдан зерттеу: Монғолиядағы хотон этнотобы» ҚР ҒЖБМ тарпынан қаржыландырылатын гранттық жоба аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Жақыпов Ж.А. – әдебиетпен жұмыс жасау, мақаланың тұжырымдамасын, тақырыбын айқындау, материалдарды жинау және аудару, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зерттеу мақаласын жазу.

Сарекенова Қ.Қ. – тұрақты тіркестерге қатысты талдаулар жасау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Wolfgang Dressler (1972) 'On the phonology of language death', Papers from the eighth regional meetings of Chicago linguistic society / Ed. by Paul M. Peranteau et al. Chicago: ChicagoLinguistic Society.
2. Nancy Dorian (1973) 'Grammatical change in a dying language', Language, 49, pp. 413-438.
3. Nancy Dorian (1981) Language death: The life cycle of a Scottish Gaelic dialect. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.
4. Jane Hill (1978) 'Language death, language contact and language evolution', Approaches to language: Anthropological issues / Ed. by William McCormack and Stephen Wurm. The Hague; Paris: Mouton.

5. Jane Hill, Hill, K. (1977) 'Language death and relexification in Tlaxcalan Nahuatl', IJSL, 12, pp. 55-69.
6. Санхүү, Б. (2014) Хотон ардын аман зохиол. – Улаанбаатар: ШУА Хэл зохиолын хүрээлэн. Улаанбаатар: Соёмбо принтинг, 442 с.
7. Тенишев, Э.Р. (2002) Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональные реконструкции. М.: Наука, 767 с.
8. Щербак, А.М. (1986) «Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков)», Вопросы языкознания, 4.
9. Қазақ грамматикасы (2002). Фонетика, грамматика. Астана.
10. Zhakupov, Zh., Abdikarim, N., Syzdykova, G., Sarekenova, K., Umasheva, A.M., Adilov, M., Yespekova, L. (2024) 'The Basic Vocabulary of An Extinct Language: The Khoton Language in Mongolia', Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(2), pp. 47-59.
11. Жақыпов, Ж.А., Абдикарим, Н. (2024) «Жоғалған тілдің негізгі лексикасы (Монғолиядағы хотың тілі)», Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2(147), бб. 68-80.
12. Қазақ тілі грамматикасы (1967). Алматы: Ғылым, 211 б.
13. Кеңесбаев, І. (1977) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 712 б.
14. Осмонова, Ж., Конкобаев, К., Жапаров Ш. (2015) Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү. Бишкек: Имак Офсет, 800 б.

Ж.А. Жакупов, К.К. Сарекенова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, sarekenova_kk@enu.kz)*

Словосочетания, найденные из Хотонских текстов

Аннотация. Цель статьи – выявить языковые факты вымершего языка. В связи с этим ставится задача – раскрыть лингвистические свойства словосочетаний хотонского языка. В статье рассматриваются фразы, найденные в хотонских текстах. Эти фразы были подобраны из книги под названием «Худая», которые хотоны сами считали сборниками молитв, тексты, произносимые мусульманскими мотивами в различных церемониях, в том числе «Гаарва-горво», произносимые во время жертвоприношения, как слова благословения молодой семье во время свадебной церемонии, фразы, присущие хотонскому языку. Разделены эти словосочетания на свободные и устойчивые словосочетания. Свободные словосочетания классифицировали как именные словосочетания и глагольные словосочетания. Компоненты словосочетания дифференцированы по частям речи. Сами словосочетания по типам связи разделены на примыкающие, связи управления и изафетные сочетания. А устойчивые словосочетания хотонского языка путем сравнение с фразеологическими сочетаниями в казахском языке определены как общие фразеологизмы для обоих языков, даны смысловые характеристики фразеологизмов. Была предпринята попытка сравнить с фразеологизмами тюркских языков. Доказано, что компоненты словосочетания на хотонском языке по структуре и семантике соответствует закономерностям агглюнитативных языков, как и в других тюркских языках.

Ключевые слова: Хотонский язык, синтаксис, словосочетание, свободное словосочетание, устойчивое словосочетание, именные словосочетания, глагольные словосочетания.

Zh.A. Zhakupov, K.K. Sarekenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, sarekenova_kk@enu.kz)

Phrases found from Khotan texts

Abstract. The purpose of the article is to reveal linguistic facts of the extinct language. In this regard, the task is to reveal the linguistic properties of the word combinations of the Khotun language. These phrases were selected from a book called "Khudaya", which the Khotuns themselves considered to be collections of prayers, texts pronounced with Muslim motives in various ceremonies, including "Gaarva-gorvo", pronounced during the sacrifice, as words of blessing to a young family during a wedding ceremony, phrases inherent in the Khotun language. Free phrases are classified as nominal phrases and verbal phrases. The components of the phrase are differentiated by parts of speech. The phrases themselves are divided by types of connection into adjoining, control connections and izafetnye combinations. And stable phrases of the Khoton language by comparison with phraseological combinations in the Kazakh language are defined as common phraseological units for both languages, semantic characteristics of phraseological units are given. An attempt was made to compare with phraseological units of the Turkic languages. It is proven that the components of the phrase in the Khoton language in structure and semantics correspond to the patterns of agglutinative languages, as in other Turkic languages.

Keywords: Hotong language, syntax, phrase, free phrase, set phrase, noun phrases, verb phrases.

References

1. Wolfgang Dressler (1972) 'On the phonology of language death', Papers from the eighth regional meetings of Chicago linguistic society / Ed. by Paul M. Peranteau et al. Chicago: Chicago Linguistic Society.
2. Nancy Dorian (1973) 'Grammatical change in a dying language', *Language*, 49, pp. 413–438.
3. Nancy Dorian (1981) *Language death: The life cycle of a Scottish Gaelic dialect*. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.
4. Jane Hill (1978) 'Language death, language contact and language evolution', *Approaches to language: Anthropological issues* / Ed. by William McCormack and Stephen Wurm. The Hague; Paris: Mouton.
5. Jane Hill, Hill, K. (1977) 'Language death and relexification in Tlaxcalan Nahuatl', *IJSL*, 12, pp. 55–69.
6. Sanhyy, B. (2014) *Hoton ardyn aman zohiol*. Ulaanbaatar: ShUA Hjel zohiolyn hyrjeeljen. Ulaanbaatar: Sojombo printing, 442 s. [in Mongolian]
7. Tenishev, Je.R. (2002) *Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika turkskikh yazykov*. Regional'nye rekonstrukcii. M.: Nauka, 767 s. [in Russian]
8. Shherbak, A.M. (1986) «Tyurksko-mongol'skie yazykovye svyazi (K probleme vzaimodejstviya i smesheniya yazykov)», *Voprosy yazykoznaniiya*, 4.
9. *Kazak grammatikasy* (2002). Fonetika, grammatika. Astana.
10. Zhakupov, Zh., Abdikarim, N., Syzdykova, G., Sarekenova, K., Umasheva, A.M., Adilov, M., Yespekova, L. (2024) 'The Basic Vocabulary of An Extinct Language: The Khoton Language in Mongolia', *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 10(2), pp. 47–59.
11. Zhakupov, Zh.A., Abdikarim, N. (2024) «Zhogalgan tildin negizgi leksikasy (Mongoliyadagy hotyn tili)», *L.N. Gumilev atyndagy EYU Habarshysy. Filologiya seriyasy*, 2(147), bb. 68–80. [in Kazakh]
12. *Kazak tili grammatikasy* (1967). Almaty: Gylym, 211 b. [in Kazakh]
13. Kenesbaev, I. (1977) *Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi*. Almaty: Gylym, 712 b. [in Kazakh]

14.Osmonova, Zh., Konkobaev, K., Zhaparov Sh. (2015) *Kyrgyz tilinin frazeologiyalyk sozdygy*. Bishkek: Imak Ofset, 800 b. [in Kyrgyz]

Авторлар туралы мәлімет:

Жақыпов Ж.А. – ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сарекенова Қ.Қ. – хат-хабарға жауапты автор, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жакупов Ж.А. – д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Сарекенова К.К. – автор для корреспонденции, к.ф.н., ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhakupov Zh.A. – Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Sarekenova K.K. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).